

Қ. БІТІБАЕВА ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНАТЫН ТАПСЫРМАЛАР ЖҮЙЕСІН ТАЛДАУ

Әдебиет- жан-дүниені, он екі мүшені, алтыс екі тамырды түгелдей жайлап, еш уақытта да көзге көрінбейтін сезім қылдары арқылы ақыл иесі- адамды өз ырқына жетелеп алатын қасиетті дүние.

Қ.О.Бітібаева

Астана қаласы әкімдігінің әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен 2024 жылдың мамыр айының 22 жұлдызында Астана қаласы әкімдігінің №93 мектеп-лицейінде «Қ.Бітібаева технологиясы бойынша қазақ әдебиетін оқыту мәселелері» тақырыбына практикалық семинар өткізілді.

Ұйымдастырушылар Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, «Бітібаева әдістемесі» шығармашылық топ мүшелері.

Семинар қонақтары: Жанат Әскербекқызы Аймұхамбет – ақын, Л. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы; Курманбаева Шынар Қапантайқызы – педагогика ғылымдарының докторы, Л. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры; Задабек Айна Задабекқызы – журналист және PR маманы, ментор, Қ. Бітібаева шәкірті.

Семинарға қатысушылар қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері болды. Практикум семинардың мақсаты қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда Қ.О. Бітібаеваның әдістемесіне, «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясына талдау жасап, жүйелеу, ұстаздың озық әдістемесін қолданыстағы оқу бағдарламасымен сабақтастықта тәжірибеде қолдану әдістемесімен бөлісу болатын.

Осы орайда, Абилдаева Гулфира Жанабековна №30 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі мен Оразалина Алима Амиртаевна №95 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі екеуіміз бірлесе отыра, «Қ.Бітібаева технологиясы бойынша көркем шығармаларды оқытуда қолданатын тапсырмалар жүйесін талдау» тақырыбында шеберлік- сынып өткіздік. Біз шеберлік сыныбымызды теориялық және тәжірибелік бөлім деп екіге бөліп қарастырдық.

Теориялық бөлімдегі мақсатымыз ұстаз қауымына Қ.Бітібаева әдістемелік-технологиясынан қысқаша курс өткізу болса, тәжірибелік бөлімде осы өтілген теорияны іс-жүзінде сабақтарда қалай қолдануға болатынын қарастырдық.

Барлық іс-әрекетіміз қадамдардан тұрды. Шеберлік-сынып **TEDx** форматына өтілді. Үлкен экранда шеберлік-сыныптың өтілу барысы слайдта көрсетілді.

Кіріспе. Теориялық бөлімді ұсынамыз.Технология ұғымы.

1.Теориялық бөлім. Технология оқытуды ізгілендіруге, жеке тұлғаның еркіндігі мен таңдауы, қалауына жол ашады. Дәстүрлі оқытуда мұғалім-оқушы, яғни алдыңғы орында мұғалім іс-әрекеті жетекшілік етсе, технологияда оқушы-мұғалім, яғни оқушының білімді өз іс-әрекетімен, белсенділігімен алу жүзеге асады.

Слайдта «Технология» ұғымына тоқталу.



Содан кейін:

Біз 12 жылдық білім беру табалдырығында тұрмыз. Білім беру ісін жаңалау, ең алдымен, берілетін білім мазмұнын жаңалауға тікелей байланысты. Әдебиет пәнінен берілетін білім, оны оқыту мынадай ұстанымдарды негізге алмақ. Ең алдымен, әдебиетті құзырлылық тұрғысында оқыту мақсат етілуде. Сондай-ақ:

1. Әдебиетті өнердің бір саласы, яғни, сөз өнері ретінде оқыту;
 2. Оны ұлттық рух, ұлттық құндылық ретінде оқыту;
 3. Әдебиетті әлемдік мәдениеттің, әлемдік құндылықтың бір бөлшегі ретінде қарастыру.
- I. Оқушылық деңгей. Бала мұғалім көмегімен амал-әрекет жасайды. Алдындағы мақсатты шешуге ұмтылады, бұрынғы білімдерін пайдаланады.
 - II. Алгоритмдік дейгей. Мақсат пен шешілуге тиісті ситуация анық, оқушы бұрынғы жинақталған білімін пайдалана отырып, мақсатқа жету үшін өз бетімен жұмыс істейді.
 - III. Эвристикалық деңгей. Мақсат анық болғанмен, ситуация түсініксіз, оны оқушының өзі толықтырады, табады, шешеді.

Бұнда да бұрынғы білім көмекке келеді. Оқушы жаңа хабар, білімді өз ізденісімен ала алады. Деңгей-өнімді.

IV. Шығармашылық деңгей. Мақсат жалпылама, анық емес. Оқушы оны өзі анықтайды, өз бетінше жаңа дүние әкеледі.

Негізгі құзіреттіліктер түріндегі күтілетін нәтижелер ретінде ұсынылған білім беру жүйесінің мақсаттары былай сараланған:

- проблемаларды шешу құзіреттілігі мен өзіндік менеджмент;
- ақпараттық құзіреттілік;
- коммуникативтік құзіреттілік.

Енді еңбекті оқулық-әдістемелік бағдарлама деуіміздің себебіне тоқталайық. Ол үшін оның құрылымына назар аударамыз:

Құрылымы	
1.	Қаламгер туралы қысқаша мәлімет.
2.	Өмірбаяндық деректер.
3.	Оқуға, тыңдауға; өз беттерімен оқуға ұсынылған шығармалар тізімі.
4.	Қаламгер шығармашылығының ерекшелігі туралы анықтама-талдаулар.
5.	Шығармаларын талдау: <ul style="list-style-type: none"> а. Әр шығарма негізінде көтерілген проблема. ә. Көркемдік әлемі, поэтикалық тіліне талдау, ғылыми аннотация.
6.	Әр қаламгердің шығармашылығы бойынша құзіреттіліктерді қалыптастыруға бағдарланған тапсырмалар жүйесі.
7.	Пәнаралық байланыс.
8.	Әдебиет теориясынан берілетін мәліметтер.
9.	Ғылыми-зерттеу еңбектер: <ul style="list-style-type: none"> а. Оқушыға ұсынылатын; ә. Мұғалімге ұсынылатын.

Дж. Кэрролл мен Б.Блумның білімді толық меңгерту технологиясы.
«Блум таксономиясы»

Мақсаттар жүйесі	Оқушылардың когнитивтік іс-әрекеті
Білім	Оқушы меңгеретін және оған берілетін білім негіздері
Түсінік	Оқушы білімді қабылдайды, түсінеді, түсіндіреді.
Қолдану	Алған білімді қолданады
Анализ	Білімді жай қабылдамайды, талдайды, саралайды, салыстырады.
Синтез	Алған білімнен жаңа өнім жасап шығарады.
Баға	Өз пікірін білдіреді, сынайды, жоққа шығарады не мақұлдайды.

Білім сүйенеді.
 Түсінік
 Қолдану

өнімсіз деңгей

Оқушылар мұғалім жетегіне

Өздерінің белсенділігі төмен.

Анализ
Синтез
Баға

өнімді/шығармашылық д.

Білім алу оқушының өз іс-әрекеті,
белсенділігімен жүзеге асады


Дәстүрлі оқыту мен технологиялық оқытудың айырмашылықтары

Дәстүрлі оқыту	Технологиялық оқыту
Жоспар талап етіледі	Оқу үрдісінің жобасы талап етіледі (технологиялық карта, бағдарлама)
Мұғалім іс-әрекеті алдыңғы қатарда	Оқушы іс-әрекеті алдыңғы қатарда
Оқу құралдары мен түрлі әдіс-тәсілдер	Диагностикаға негізделген болжамды мақсаттар нақты түрде белгіленеді. Сол арқылы әдіс-тәсілдер сұрыпталынып алынады, бақылау жүргізіледі.

Технологияда сабақ мақсаты диагностикаға негізделеді. Ал диагностикалық мақсат төмендегідей мәселелер негізінде айқындалады:

1. Мемлекеттік стандарттағы белгіленген білім, біліктілік, іскерлік, дағды ескеріледі;
2. Баланың әлеуметтік жағдайына диагностика жасалынады;
3. Дарынды балалармен жұмысқа ерекше көңіл бөлінеді;
4. Тереңдетіліп берілетін білімдер басшылыққа алынады.

Технологиялар:



Негізгі бөлім. Жана білімді меңгерту технологиясы. Жобалап оқыту технологиясы

Жаңа білімді меңгерту технологиясы:


1. Жаңа тақырып бойынша берілетін алдын ала тапсырмалар жүйесі.
2. Тапсырмалар негізіндегі сұхбат-әңгіме, пікірлесу.
3. Мұғалім түсінігі.
4. Қосымша материалдар, ғылыми еңбектермен жұмыс.
5. Оқулықпен жұмыс.
6. Жинақтау, қорытындылау.

Кезең	Сипаты
I кезең	<p>Білім беру, өз бетінше білім алу процесінде бірлесіп әрекет ету. Берілетін жаңа білім бойынша алдын ала тапсырма беру. Мақсаты:</p> <ul style="list-style-type: none">- Оқушыларды жеке тұлға ретінде ала отырып, олардың іс-әрекет түрлерін мақсатты қалыптастыру, дербес ізденуге баулу;- Өз бетімен көркем туындыны оқу, талдау, бағалауға жетелеу;- Логикасын, эстетикалық талғамдарын дамыту;- Шығармашылық қабілеттерін дамыту, ғылыми ізденіске жетелеу;- Болжам жасау (гипотеза), соны дәлелдейтін жол іздеу, модель құрастыру, жоба ұсыну;- Білім алуға деген ынтасы мен іскерлігін, оқу-танымдық қажеттілігін қалыптастыруға жетелеу;- Дайын білімді қайталап айтып беру емес, оны өз белсенділіктері бойынша алуға баулу;- Оқушылардың өзіндік жұмысында мақсатты бағдарлар, айқын міндеттер қойғыза білу;- Сұрақтар әзірлеу, проблемалық сұрақтарды бөліп алу, соны талқылау. Өзіндік қорытынды жасау. Өз беттерімен анализ, синтезге, бағаға жету. Өзін-өзі бақылау, бағалау.
II кезең	<p>Оқушылардың тапсырмалар негізіндегі жұмысын, жобаларын талқылау болжамдарын саралау.</p> <p>Мақсат:</p> <ul style="list-style-type: none">- Жаңа білім бойынша өз жобалары, модельдері, болжамдарын тыңдап, талқылау (өздері талдайды, бір-бірін тыңдайды).- Өзіндік қорытындылары, оның қаншалықты ғылыми, шындыққа жақын екенін саралау.- Білімді өз бетімен алуға деген ынтасын, шығармашылық жұмыстарға қабілетін, танымпаздық белсенділіктерін

	<p>анықтау.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Білім дәрежесі, деңгейін саралау (өзіндік анализ, синтез бағалауының деңгейін). -Бір-бірімен ынтымақтастығы, пікірлерін айта білуі, қорғай білуі, айтыса білуге дағдыландыру. <p>Әдіс-тәсілдер: (оқушы іс-әрекеттерін ұйымдастыру мақсатында).</p> <ul style="list-style-type: none"> -Әңгімелеу, пікірлесу, шағын әдеби айтыс; - Болжам жасау, (гипотеза) оны дәлелдеу, модель, жоба жасау. <p>Сабақтың түрі:</p> <ul style="list-style-type: none"> -Болжау сабағы, іздендіру сабағы, диалог сабақтары, айтыс сабақтары. <p>Жоба, модель қорғау сабағы.</p> <p>Оқыту түрлері: Ұжымдық оқыту элементтері.</p> <p>Ескерту: Тақырыпқа сай өзгеріп отырады.</p>
<p>III кезең</p>	<p>Мұғалімнің жаңа сабақты түсіндіруі. Жаңа білімді игеру, игерту.</p> <p>Мақсат:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Оқушылардың танымдық-түрлендіруші іс-әрекеттерін, эвристикалық және шығармашылық ізденістерге жетелеу. -- --Оқушылардың әр түрлі дайындық деңгейі; әр түрлі ынтасы, қабілеті білімді қабылдай білу дәрежесін саралай отырып, (I-II кезеңде байқаған) берілетін білімнің құрылымдық элементін, ең басты мәселелерін бөліп ала білу. Білім мазмұнына ерекше назар аудару. <p>а) білім мазмұнында оларды зерттеу, іздену, табу, дәлелдеуге, яғни танымдық-шығармашылыққа жетелейтін элементтердің болуын қамтамасыз ету;</p> <p>ә) берілетін білімнің ғылыми сенімділігі мен ой тастайтын, өзіндік болжам жасайтын түйіндерін оқушылардың өз болжаулары, тапқандарымен байланыстыру(алдын ала берілген). Оқушы біліміне сүйену жаңа білімде оны тірек ету, олардың өзіндік пікірін, бағаларын ескеру.</p> <ul style="list-style-type: none"> -Оқушылардың өз анализі, синтезі, бағалауын жаңа сабақта жетілдіру, байыту, ғылымиландыру, яғни алғашқы түсінігін байыту; -Жаңа білімді меңгеруге дайындау, ондағы өзіндік үлесін арттыру, бұрынғы дағды-іскерлігін жаңа білімге пайдалана білу іскерлігін ұйымдастыру. <p>Әдіс-тәсілдері, оқытудың түрлері, оқу формалары: - - - - -</p> <ul style="list-style-type: none"> - Проблемалы баяндау, проблемалық жағдай тудыру. - Ұжымдық оқыту элементтері.

	<ul style="list-style-type: none"> - Даралап, саралап оқыту. - Миға шабуыл, жоба, модель құрастыру. - Болжам оны дәлелдеу, зерттеу әдісін пайдаланып, оқушылардың танымдық белсенділігін, өзін-өзі танытатын жұмыстарды ұйымдастыру. - Үй тапсырмасында стандарт деңгейіндегі тапсырмалар мен шығармашылыққа жетелейтін тапсырмалар беру (бірнеше тапсырма оқушы өзі таңдап алатындай). <p>Тапсырмалардың дамытушылық дәрежесін көтеру. Оқушылардың білім деңгейін ескеру.</p>
<p>IV кезең</p>	<p>Қосымша материалдар, ғылыми еңбектермен жұмыс.</p> <p>Мақсат:</p> <ul style="list-style-type: none"> -Білім мазмұнын қосымша материалдар, ғылыми еңбектер, басқа да бүгінгі таңдағы жаңалықтармен байыта отырып, оқушылардың толыққанды білім-білік дағдыларын дамыту; - Оқушылардың әр түрлі іс-әрекеттерін ұйымдастыра отырып, оларды жан-жақты жинақталған білім көздерімен қаруландыру, (интеграция) іргелі білімдерге бағдарлау; - Оқушылардың өзіндік пайымдауларын, бағалауларын, қорытындылауларын мұғалім түсінігімен толықтыра отырып, енді оны ғылымиландыру, іргелі терең білімге бағдарлау; - Білім берудің міндетті деңгейі аумағында дүниетанымдық, ой өрістері мен іскерлік дағдыларын жетілдіретін, білім беру; жеке тұлғаны дамытуға әсер ететін қосалқы материалдардан білім беру; - Оқушылардың білім, білік, дағдыларына қойылатын талаптарды тереңдету, яғни анализ, синтез, саралау, бағалау сияқты іс-әрекеттерін (өнімді іс-әрекет); - Ұлттық, аймақтық, жергілікті, пәнаралық байланыстар арқылы берілетін білім мазмұнын ірілендіре түсу, өмірмен байланысын арттыру. <p>Әдіс-тәсілдер, оқыту түрлері, оқу формалары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Практикалық жұмыстар (салыстыру, үндестік іздеу, мәтінмен жұмыс); - Жалпылама, топтық, жұптық, дараланған, сараланған (қабілетін ескере отырып) жұмыстар; - Әр түрлі ғылыми ізденіске, зерттеу іс-әрекетіне негізделген түрлі деңгейдегі тапсырмалар орындату, оқушылардың сана-сезімін дамыту; - Ғылыми жұмыстар бойынша болжам, модель, жоба жасау, оны қорғау. Өз беттерінше зерттеу жүргізу, талдау жасау; - Ғылыми бағыттағы шығармашылық тапсырмаларға

	<p>(рецензия, реферат, т.с.с.) жазуға баулу; - Жоба, модель қорғау, дебат, симпозиум, семинар, конференциялық, т.б. сабақтар өткізу (тақырыпқа сай).</p>
V кезең	<p>Оқулықпен жұмыс. Мақсат: - Оқулықтың білім көзі, әрі өз бетімен білім алудың дидактикалық үлгісі екендігін ескеріп, онымен жұмыс арқылы оқушылардың ынтасы, танымдық іс-әрекетін басқару, ұйымдастыру; - Олардың түйсіну, түсіну, бекіту, практикада қолдану іс-әрекеттерін дамыту; – I, II, III, IV кезеңдерде алған білімдерін оқулық арқылы байыта түсуге саралау, зерделеуге баулу. Алған білімді оқулықтағы біліммен тиянақтау; -Ең негізгі мәселелерді бөліп ала білуге, (негізгі, қосымша) тезистер жасауға, т.б. әр түрлі шығармашылық жұмыстарды орындауға дағдыландыру, жетілдіру; -Оқулық туралы (ондағы білімнің берілу жайы) пікір айту, талдау жұмыстарына баулу, "Оқулыққа қояр талабым", "Оқулық маған не береді?" тақырыптарына әңгіме-сұхбаттар, пікір таластырып, сауалнамалар өткізе отырып, оқушыларды сарабалдыққа, аналитикалық ойлауға, қабілеттерін зерделеуге жетелеу; -Оқулық жобасы, моделіне конкурс жариялап, олардың қабілеті, іскерлігі, біліктілігі кәсіптік қызығушылығына әсер ету. Әдіс-тәсілдер: Практикалық жұмыстар: 1. Негізгі мәселелерді бөліп алу. 2. Сұрақтар әзірлеу, сұрақтардың ең бастыларын сұрыптау. 3. Оқулықтағы сұрақ-тапсырмалардың өзіне ұнағанын орындау. 4. Өз беттерімен сұрақ-тапсырмалар әзірлеу. 5. I-IV кезеңдер бойынша алған ұғымдарын оқулық материалына қосып баяндау, білімді байыту (өз беттерімен).</p>
VI кезең	<p>Жинақтау, қорытындылау, коррекция. Мақсат: Жаңа білімді меңгертудің бес кезеңі бойынша алған мәліметтерін саралау, бір-бірінің бөліміне талдау жасау. ---- -- Оқушыларды қорытынды, жинақтау, талдау тәсілдеріне баулу. -Күрделі мәселелерді бірігіп талқылау. -Көмек ұйымдастыру.</p>

	<p>-Алдыға мақсат қоя білуге, өздерін-өздері оқытуға, өздерін бір “жаңалық” ашуға, өздерін-өздеріне танытуға баулу.</p> <p>-Осы бес кезеңде алған білімдерін бүкіл ұжым болып мына үлгіде жіктеу, білім деңгейлерін саралау, алған білімдерін өздеріне жүйелету (“Нені меңгердім”, “Неге үйрендім”) сауалнамасын жүргізу.</p> <p>- Білім - Түсінік -Қолдану - Анализ - Синтез - Баға</p>  <p>репродуктивті деңгей</p> <p>шығармашылық деңгей</p> <p>Оқу құралында бағдарлама әдістемелік-нұсқау бірлігінде берілді. Сол себептен де әдебиет теориясы, әдеби сын-зерттеулер, көркем туындылар, қалам иелері туралы естеліктер, әдебиет сыншылары, ғалымдар туралы (олардың басты-басты еңбектері) мәліметтер ұсынылды. Бағдарлама мен оқу құралдарын тәжірибеде мұғалімдер ғана пайдаланады.</p>
--	---

Жобалап оқыту технологиясы

Бұл технологияның тиімділігі, біріншіден, практикалық маңызында жатыр. Екіншіден, ол оқушыларды шығармашылық жұмыстарға баулиды, шығармашылық қабілеттерін дамытады, әр оқушының дербес ізденісін дамытады. Сол ізденіс негізінде олар бір өнімге қол жеткізеді. Жобалап оқыту түрлері де әр түрлі болып келеді:

- зерттеу, іздену, ғылыми жұмыстарға баулитын;
- шығармашылық бағыттағы (макет, киносценарии т.с);
- ақпараттық, яғни, оны жинау, жинақтау, сол бойынша презентация жасау т.с; -модельдеу, (конструкция жасау) инсценировка; белгілі бір оқиғаны, кейіпкер іс-әрекетін бейнеге, бір сұлбаға түсіру.

Жобалап оқыту технологиясында пәнаралық, пәнішілік байланыс маңызды орын алады. Жоба жасау үшін оқушыға бірнеше пәннен алған білімдерінің көмекке келуі, дүниетанымы, іскерлігі аса қажет.

Жобалап оқыту проблемалық оқыту әдіс-тәсілдерін басшылыққа алады. Оның басты себебі жоба жасауда оқушылар алдына бір проблеманың шешімін табу мақсаты тұрады. Мысалы, «Қазақ тілі ХХІ ғасырда», «Болашақ ұлт мектебі» т.с.с. Сондай-ақ білімді жеке тұлғаға бағыттай оқыту технологиясының да амал-тәсілдерді жобалап оқытуда тиімді болып келеді. Өйткені жоба жасағанда оқушыларға еркіндік, тандау беріледі, өз еріктерімен топқа, немесе жұпқа бөлінеді, жобаларын қорғауға, пікірлерін дәлелдеуге толық құқықты.

Қазір тәжірибеде кең пайдаланып жүрген жобалап оқыту технологиясында сабақ құрылымы төмендегідей болып келеді.

Жоба жұмысының кезеңдері	Мазмұны	Оқушы іс-әрекеті	Мұғалім іс-әрекеті	Қорытынды, жүйелеу, анализ
- дайындық кезеңі - жоспарлау кезеңі - зерттеу кезеңі - есеп беру кезеңі - қорытынды, бағалау кезеңі				

Әдебиеттен білім беруде интерактивті оқыту технологиясының әдістері де өте тиімді болып келеді. Ол, әсіресе, тіл дамыту үрдісінде белсенді іс-әрекет атқарады. Оған: диспут, дискуссия, дебат, конференция, рольдік ойындар жатады. Көбінде ауызекі сөйлеу түрі арқылы жүзеге асатын жұмыстарға пайдалы болып келеді. Соның ішінде дискуссия (пікір таласы) дәстүрлі оқыту үрдісінде де тиімділігімен тәжірибеде кеңінен қолданылды.

2.Тәжірибелік бөлім. Тапсырмалар жүйесі.

Топқа бөлу («Ой тастау», «ойланту», «ойлау» 3 топқа біріктіру)

1-топ. Қ.О.Бітібаева технологиясы негізінде «Жастар» өлеңінің тәрбиелік мәнін ашатын ұжымдық тапсырма әзірлеңіз

Негізгі проблемалары, талдау сұрақтары	Құзырлықты қалыптастыруға бағдарланған тапсырмалар. Әдістемесі, технологиясы
<u>Бір негізгі проблемалы, талдау сұрақ құрастырыңыз</u>	<u>Қолданылған технология атауын жазыңыз</u> <u>Әдістемесі:</u> <u>Мақсаты:</u> <u>1-тапсырма</u>

2-топ. Қ.О.Бітібаева технологиясы негізінде «Жастар» өлеңіндегі ақынның ақыл-білім туралы ойын тұжырымдайтын жұптық тапсырма дайындаңыз.

Негізгі проблемалары, талдау сұрақтары	Құзырлықты қалыптастыруға бағдарланған тапсырмалар. Әдістемесі, технологиясы
<u>Бір негізгі проблемалы, талдау сұрақ құрастырыңыз</u>	<u>Қолданылған технология атауын жазыңыз</u> <u>Тапсырмалар:</u> <u>Жұмыстың түрі:</u>

**3-топ. Қ.О.Бітібаева технолоиясы негізінде «Жастар» өлеңін түсініп оқып,
«Жаһандану және жастар» тақырыбына жеке тапсырма құрастырыңыз.**

Негізгі проблемалары, талдау сұрақтары	Құзырлықты қалыптастыруға бағдарланған тапсырмалар. Әдістемесі, технологиясы
<u>Бір негізгі проблемалы, талдау сұрақ құрастырыңыз</u>	<u>Қолданылған технология атауын жазыңыз</u> <u>Сызбалар:</u> <u>Жұмыстың түрі:</u> <u>Тапсырма</u>

Қорытынды («Каспи терминал», қоңыр, жасыл, сары түстес стикерлер)

Қорыта айтатын болсақ, әріптесім екеуміз қойылған мақсатымызға ұстаз қауымының қолдауымен, олардың орасан шеберлегінің арқасында бірлесе отырып жеттік.

**«ОҚУШЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ МЕН ОЙЛАУЫН
ДАМУДА ҚАНИПА ОМАРҒАЛИҚЫЗЫ БІТІБАЕВАНЫҢ «ОЙ
ТАСТАУ, ОЙЛАНТУ, ОЙЛАУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ
ТИІМДІЛІГІ»**

Амангелдинова Айгуль Кабдешовна
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

«Оқушының шығармашылық деңгейі мен ойлауын дамытуда Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясының тиімділігі» *тақырыбындағы коучинг жоспары*

Коучинг сабақтың тақырыбы:	«Оқушының шығармашылық деңгейі мен ойлауын дамытуда Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясының тиімділігі»
Өткізген уақыты:	15 мамыр 2024 жыл
Сабақтың мақсаты:	Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясының тиімділігі туралы білімін тереңдете отырып іс-тәжірибеде қолдануға бағыттау
Күтілетін нәтиже:	Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы туралы тереңірек біледі және оқытуда (іс-тәжірибеде) тиімді тәсілдерді қолдана алуды үйренеді;
Коучингті өткізу әдістері:	Топтық жұмыс, «модель» қорғау, постер құрау, сергіту сәтін өткізу;
Ұсынылған ресурстар:	Ғаламтордан алынған материалдар, үлестірмелі материал
Материалдар мен құралдар:	Слайд-презентация, түрлі-түсті стикерлер, маркерлер

Сабақтың барысы			
Уақыты	Коучтердің іс-әрекеті/сұрағы	Мұғалімнің (тыңдаушының) іс - әрекеті	Қолданылған құралдар
І кезең Ұйымдастыру Топқа бөлу (2 минут) Психологиялық ахуал туғызу, (2 минут)	Смайликтер арқылы топқа бөлу (поэзд билеттері, вагон номерлері және орындары көрсетілген)	Бірдей смайликтер таратылады, бірақ артында сан жазылған, сол сандар арқылы үш топқа бөлінеді	

<p>II кезең Коучинг сабақ тақырыбымен таныстыру (3 минут)</p>	<p>«Кейіпкерді сипаттау» («Көксерек» М.Ә, «Жыраулар», «Батырлар жыры»)</p> <p>Сұрақ: Мұны жазарда не істедіңіздер? Не екенін қалай таптыңыздар? (ойланды, ізденді...)</p> <p>1. Коучингке келгендеріне рақметімді айта отырып, не мақсатпен коучинг өткізгелі жатқанымды айтамын</p>	<p>Сипаттама береді (сипаттайды, бірақ не екенін отырғандар табады)</p> <p>Олай болса, біздің тақырыбымыз «Оқушының шығармашылық деңгейі мен ойлауын дамытуда Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясының тиімділігі»</p>	<p>Смайликтер</p>
<p>III кезең</p>	<p>Сұрақ: Осы тақырып бойынша сіз нені білгіңіз келеді?</p>	<p>Стикерге жазып қалташаға салысаңыздар</p>	
<p>IV кезең «Миға шабуыл» (8 минут)</p>	<p>4 бұрышқа ватмандарға жазылады: «XXI ғасырда қалай оқыту керек», «Табысты мұғалім, ол...», «Табысты оқушы», ол..»</p>	<p>Қ.О.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясын негізінде Осы тақырыпқа өз пікірлерін топтар кезекпен алмасып жазады</p>	<p>Слайд-презентация, А3 қағаз, маркерлер</p>
<p>3 мин</p>	<p>Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы б.ша таныстырылым</p>		<p>презентация</p>
<p>V кезең Топтық жұмыс (дайындыққа 6 минут, қорғауға 6</p>	<p>«Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы б.ша 1.М.Әуезов «Көксерек» әңгімесі;</p>	<p>Мұғалімдер өздері әдебиеттен бір тақырыпты ала отырып, осы әдістер бойынша өз іс-</p>	<p>А3 қағаз, маркерлер</p>

минут)	М.Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда» М,Әуезов «Қараш- қараш» оқиғасы 2. (Зерттеушілік жұмыс, модель қорғау, Проблемалық оқыту жолдары (көмек ретінде Қ.О.Бітібаеваның технологиясының сызба-кестелерін беру)	тәжірибелеріңізде қалай қолданып жүрсіздер, сол бойынша топтық жұмыс жасайды, қорғайды	
VI кезең	Өз іс- тәжірибелеріңізде Қ.О. Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» бойынша қандай әдіс- тәсілдерін көбірек қолданасыздар?	Қатысушылардың пікірлері	
VI кезең Кері байланыс 2 мин	Сұрақ: «Менің бүгінгі коучингтен алғаным...»	Коучинг барысында қандай ой түйді, стикерге жазу, жапсыру	Блоб ағашы
Қорытынды 1 мин			Слайд- презентация

«Оқушының шығармашылық деңгейі мен ойлауын дамытуда Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясының тиімділігі»

тақырыбындағы коучингке пікір

«Көксерек» әңімесі
М.Мақатаев
«Аққулар ұйықтағанда»
М.Әуезов
«Қараш-қараш» оқиғасы
«Жыраулар»
«Батырлар жыры»

Сөзімнің соңында айтарым, бүгінгі алған білімдеріңізбен басқа да әріптестеріңізбен бөлісіңіздер. «Бойыңда білімің бар екен, одан басқалар да өз шырақтарын жағып алардай жағдай туғызыңыз», - деген Томас Фуллердің сөзін ұмытпаңыз.